

Бүгінде көптеген дамыған мемлекеттер білім сапасы мен экономикалық бәсекеге қабілеттіліктің негізі ретінде оқу мәдениетін дамытуға ерекше көңіл бөліп отыр. Мәселен, Финляндия, Оңтүстік Корея, Жапония және Сингапур сияқты елдерде кітап оқу жеке адамның әдеті ғана емес, мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты ретінде қарастырылады. Бұл елдерде кітапханалар тек кітап сақтайтын орын емес, шығармашылық пен ғылыми ізденіс қатар жүретін қоғамдық интеллектуалдық орталыққа айналған.

Соңғы жылдары халықаралық зерттеулер де кітап оқуға деген қызығушылықтың төмендеуі цифрлы дәуірдің өзекті мәселесіне айналғанын көрсетіп келеді. Қысқа форматтағы контенттің көбеюі, әлеуметтік желілердегі ақпарат ағыны және экран алдында өтетін уақыттың артуы жастардың мәтінді терең түсіну, сараптау және ұзақ уақыт зейін қою дағдыларына әсер етіп жатыр. Сондықтан көптеген мемлекеттер оқу мәдениетін қолдау бағдарламаларын қабылдап, кітапханаларды жаңғыртуға және балалар мен жастардың кітап оқуға қызығушылығын арттыруға инвестиция салуда.

Осы тұрғыдан алғанда, Мемлекет басшысының «Оқу мәдениетін дамыту және оқитын ұлт қалыпта-

стыру» туралы Жарлыққа қол қоюы- уақыт талабынан туған маңызды қадам. Өйткені кітап оқу мәселесі бүгін әдебиетке қызығушылықпен ғана өлшенбейді. Ол адамның ойлау мәдениетіне, ақпаратты сараптау қабілетіне, сыни көзқарасының қалыптасуына және интеллектуалдық әлеуетіне тікелей ықпал етеді.

Қазіргі жастар мүлде басқа ақпараттық ортада өмір сүріп жатыр. Әлеуметтік желілер, қысқа бейнероликтер мен үздіксіз ақпарат ағыны жылдам қабылдауға үйреткенімен, терең оқып, байыппен ойлануға кететін уақыт азайып барады. Тіпті көлемді мәтінді соңына дейін зейін қойып оқу да көпшілік үшін қиындық тудыра бастады.

Осындай жағдайда университет кітапханаларының да қызметі жаңа мазмұнға ие болуы заңды.

Университетімізде жүргізілген студенттік сауалнама осы үрдісті айқын көрсетті. Бір жағынан, кітапханаға келушілер саны өсіп келеді. Өсіресе тәулік бойы жұмыс істейтін кітапханаға сұраныстың артуы жастарға тек кітап ғана емес, тыныш әрі жайлы орта қажет екенін аңғартады.

Екінші жағынан, студенттердің өмір салты өзгерді. Олардың едәуір бөлігі оқу мен жұмысты қатар алып жүреді. Сауалнама нәтижесінде кітапханаға бармаудың негіз-

гі себептерінің бірі ретінде уақыт тапшылығы көрсетілуі де осы жағдаймен байланысты.

Ойландыратын тағы бір мәселе – кітапханаға өзін дамыту, дүниетанымын кеңейту мақсатында келетін студенттердің үлесінің азаюы. Бұл жастардың көбіне қажетті ақпаратты ғана іздеуге бейімделіп бара жатқанын көрсетеді. Ал кітап оқу – тек мәлімет алу емес, адамның ойлау мәдениетін, дүниетанымын және талдау қабілетін қалыптастыратын үдеріс.

Соған қарамастан кітапты тұрақты оқитын, интеллектуалдық ізденіске ұмтылатын жастардың бар екені қуантады. Бұл сапалы білім мен мазмұнды ортаға деген сұраныстың әлі де сақталғанын білдіреді.

Соңғы жылдары университет кітапханаларын жаңғыртуға ерекше назар аудардық. Қазіргі кітапхана – бұрынғыдай тек кітап сақталатын орын емес. Ол студент еркін отырып оқитын, ізденетін, пікір алмасатын және жаңа идеялар қалыптастыратын заманауи білім кеңістігіне айналуы тиіс.

Бас корпус кітапханасы, физика-математика және техникалық факультеттердің кітапханалары, тарих және география факультетінің кітапханасы жаңа форматта жабдықталды. Open space аймақтары, коворкинг кеңістіктері, жеке жұмыс кабинеттері, электронды жүйелер және өзін-өзі қызмет көрсету станциялары енгізілді. Мұның бәрі студенттің кітапханаға міндет үшін емес, ішкі қажеттілікпен келуіне жағдай жасау мақсатында жүзеге асырылды.

Қазір кітапхана тек кітап сақтайтын орын болмауы керек. Ол ойланатын, ізденетін, пікір алмасатын және жаңа идеялар қалыптасатын интеллектуалды кеңістікке айналуы қажет. Өйткені оқитын ұлт – тек көп кітап оқитын қоғам емес. Ол – сыни ойлай алатын, ақпаратты сараптайтын, білімді өмірде тиімді қолдана алатын қоғам. Ал мұндай қоғам ғана жаһандық бәсекеде табысты бола алады.

Лаура Қарабасова,
Zhubanov University ректоры



Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, №КЗ26VPY00026721 куәлігі 09.09.2020 ж. берілген.

Газет айына бір рет шығады

Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

Zhubanov University
облыстық ақпараттық-танымдық газеті

Меншік иесі:
ҚР ҒЖБМ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Басқарма төрағасы-Ректор
Лаура Қарабасова

Бас редактор
Жадыра Арэн

Аудармашы
Айтолқын Әмірхан

Дизайнер:
Айнұр Тлешова

Фотограф:
Есет Саргузин

Редакцияның мекенжайы:
030000, Ақтөбе қаласы,
Ө.Молдағұлова даңғылы,34
М.Арын атындағы бас ғимарат

E-mail:
press@zhubanov.edu.kz
Сайт: http://zhubanov.edu.kz

Facebook: ZhU oblystyq gazetі

Таралымы: 5000 дана

Сәт сапар, жас маман!

Биыл Zhubanov University Ақтөбе өңірлік университетін 3306 түлек бітірді. 272 жас үздік диплом иегері атанды.

Түлектердің кәсіби біліктілік және ғылыми дәрежесін куаландыратын дипломдарын табыстауға университет басшылығы және өңірдегі сыйлы, еңбекте жемісті, танымал адамдар қатысты.



ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ –
ЖАҢА ДӘУІР
3-БЕТ

THE IMPACT RANKINGS
2026: УНИВЕРСИТЕТТІҢ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ДЕНГЕЙДЕП
НӘТИЖЕЛЕРІ АРТТЫ
5 БЕТ

ӘР ЖЕТІСТІКТІҢ АРТЫНДА –
АДАМ ТҰР
7-БЕТ

Басты жаңалықтар



Өңір басшысы жас мемлекеттік қызметшілерге Конституцияның арнайы басылымын табыстады

Ақтөбе облысында Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының заңды күшіне енуіне арналған кеңейтілген кеңес барысында облыс әкімі Асхат Шахаров он жас мемлекеттік қызметшіге жаңа Конституцияның арнайы басылымын табыстады.

Салтанатты рәсім Мемлекет басшысының жастарға деген ерекше сенімі мен елдің болашағын қалыптастырудағы олардың жауапкершілігін айқындайтын маңызды іс-шаралардың бірі болды.

Аймақ басшысы жастардың мемлекет дамуындағы орнына тоқталып, олардың кәсіби біліктілігімен қатар, заң үстемдігін, әділдік пен жауапкершілік қағидаттарын берік ұстануының маңызын атап өтті.

«Ел ертеңіне қызмет ететін, осы жиынға қатысып отырған әріптестерімнің ізбасары ретінде жолдарын басатын, мемлекеттік қызметті таңдап келген біздің жас мамандарымыз арамызда. Бүгін осындай тарихи күнде жас мемлекеттік қызметшілерге жаңа Конституцияның арнайы басылымын табыстағалы отырмыз, оның мәні зор. Бұл – құқықтық мемлекет құру жолындағы жауапкершіліктің және халыққа адал қызмет етудің символы. Әрқайсыңыз Конституция қағидаттарын басшылыққа алып, ел игілігі үшін абыройлы еңбек етеді деп сенемін. Сәттілік тілеймін», – деді Асхат Шахаров.

Шара соңында жас мемлекеттік қызметшілер Конституция талаптарын мұлтіксіз сақтап, халыққа адал қызмет етуге дайын екендіктерін білдірді.

Глава региона вручил молодым государственным служащим специальное издание Конституции

В Актыбинской области в ходе расширенного совещания, посвященного вступлению в законную силу новой Конституции Республики Казахстан, аким области Асхат Шахаров вручил десяти молодым государственным служащим специальное издание новой Конституции.

Торжественная церемония стала одним из важных мероприятий, символизирующих особое доверие Главы государства к молодежи и ее ответственность за формирование будущего страны.

Глава региона отметил значимую роль молодежи в развитии государства, подчеркнув, что наряду с высоким профессионализмом молодые специалисты должны твердо придерживаться принципов верховенства закона, справедливости и ответственности.



Главные новости

венства закона, справедливости и ответственности.

«Среди нас находятся молодые специалисты, которые осознанно выбрали государственную службу и в будущем продолжат дело своих старших коллег, присутствующих сегодня на этом мероприятии, служа на благо страны. В этот исторический день мы вручаем молодым государственным служащим специальное издание новой Конституции, и это имеет глубокий смысл. Это символ ответственности на пути построения правового государства и преданного служения народу. Уверен, что каждый из вас будет руководствоваться принципами Конституции и с честью трудиться во благо нашей страны. Желаю вам успехов», — сказал Асхат Шахаров.



В завершение мероприятия молодые государственные служащие выразили готовность неукоснительно соблюдать требования Конституции и добросовестно служить народу.

Ақтөбе облысы әкімдігінің Баспасөз қызметі

Басты жаңалықтар



Жас зерттеушінің еңбегі әлемдік ғылыми басылымда жарияланды

Университет магистранты Дильназ Конбаеваның «Mpx-Related Knowledge, Risk Perception, and Vaccination Willingness among University Students in Aktobe, Kazakhstan: A Cross-Sectional Study» атты ғылыми мақаласы халықаралық деңгейдегі беделді Vaccines ғылыми журналында жарияланды. Аталған басылым Web of Science деректер қорында индекстелетін және вакцинация, иммунология және қоғамдық денсаулық сақтау салаларындағы өзекті зерттеулерді жариялайтын жетекші рецензияланатын журналдардың бірі.

Зерттеу жұмысы Ақтөбе қаласындағы жоғары оқу орындарының 482 студентін қамтып, олардың Mpx (маймыл шешегі) инфекциясы туралы білім деңгейін, ауру қаупін қабылдау ерекшеліктерін және вакцинацияға дайындығын бағалауға бағытталған.

Зерттеу нәтижелері студенттердің инфекциялық аурулар туралы ақпараттану деңгейі мен вакцинацияға көзқарасы қоғамдық денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігіне тікелей әсер ететін маңызды факторлардың бірі екенін көрсеткен. Сонымен қатар, жастар арасында вакциналық сауаттылықты арттыру болашақта туындауы мүмкін инфекциялық аурулардың таралуына қарсы дайындықты күшейтудің маңызды алғышарты екені анықталған.

Ғылыми еңбек қоғамдық денсаулық сақтау, профилактикалық медицина және инфекциялық аурулардың алдын алу бағыттарындағы зерттеулерді дамытуға елеулі үлес қосып, Қазақстан жастарының денсаулық мәдениетін жетілдіруге қатысты маңызды ғылыми деректер ұсынады.

Дильназ Конбаеваның ғылыми жұмысы биология кафедрасының доценті, PhD, вирусология және иммунология саласының зерттеуші ғалым Арман Исимовтың жетекшілігімен орындалды. Ол жұпалы аурулар мен қоғамдық денсаулық сақтау мәселелерін зерттеу бағытында жазылған бірқатар ғылыми еңбектердің авторы.

Бұл жетістік университетіміздің ғылыми-зерттеу қызметінің қарқынды дамуын айқындап, жас ғалымдардың халықаралық ғылыми қауымдастықтағы белсенділігі мен бәсекеге қабілеттілігінің жоғары деңгейін көрсетеді.

РАБОТА МОЛОДОГО ИССЛЕДОВАТЕЛЯ ОПУБЛИКОВАНА В МЕЖДУНАРОДНОМ НАУЧНОМ ИЗДАНИИ

Научная статья аспирантки университета Дильназ Конбаевой под названием «Mpx-Related Knowledge, Risk Perception, and Vaccination Willingness among University Students in Aktobe, Kazakhstan: A Cross-Sectional Study» была опубликована в престижном международном научном журнале «Vaccines». Данное издание является одним из ведущих рецензируемых журналов, индексируемых в базе данных Web of Science и публикующих актуальные исследования в области вакцинации, иммунологии и общественного здравоохранения.

В исследовании приняли участие 482 студента высших учебных заведений города Актобе, его целью было оценить уровень их знаний об инфекции Mpx (оспа обезьян), особенности восприятия риска заболевания и готовности к вакцинации.

Результаты исследования показали, что уровень информированности об инфекционных заболеваниях и отношении к вакцинации среди студентов являются одними из важнейших факторов, напрямую влияющих на эффективность системы общественного здравоохранения. Кроме того, было установлено, что повышение осведомленности молодежи о вакцинах является важной предпосылкой для усиления готовности к распространению инфекционных заболеваний, которые могут возникнуть в будущем.

Научный труд вносит значительный вклад в развитие исследований в области общественного здравоохранения, профилактической медицины и профилактики инфекционных заболеваний и представляет важные научные данные для повышения культуры здоровья казахстанской молодежи.

Научная работа Дильназ Конбаевой выполнена под руководством доцента кафедры биологии, кандидата наук, ученого-исследователя в области вирусологии и иммунологии

Армана Исимова. Он является автором ряда научных работ, посвященных исследованию в области инфекционных заболеваний и вопросам общественного здравоохранения.

Данное достижение демонстрирует динамичное развитие научно-исследовательской деятельности нашего университета и свидетельствует о высоком уровне активности и конкурентоспособности молодых ученых в международном научном сообществе.

YOUNG RESEARCHER'S STUDY PUBLISHED IN AN INTERNATIONAL SCIENTIFIC JOURNAL

A research article by Master's student Dilnaz Konbayeva entitled «Mpx-Related Knowledge, Risk Perception, and Vaccination Willingness among University Students in Aktobe, Kazakhstan: A Cross-Sectional Study» has been published in the prestigious international scientific journal Vaccines. The journal is one of the leading peer-reviewed publications indexed in the Web of Science database and publishes cutting-edge research in the fields of vaccination, immunology, and public health.

The study involved 482 university students from Aktobe and aimed to assess their level of knowledge about Mpx (monkeypox), perceptions of disease-related risks, and willingness to receive vaccination.

The findings demonstrated that awareness of infectious diseases and attitudes toward vaccination among students are key factors influencing the effectiveness of public health systems. The study also showed that increasing vaccine awareness among young people is essential for strengthening preparedness for future infectious disease outbreaks.

The research makes a significant contribution to the fields of public health, preventive medicine, and infectious disease prevention. It also provides valuable scientific evidence for promoting health awareness among young people in Kazakhstan.

The study was conducted under the supervision of Arman Issimov, Associate Professor of the Department of Biology, Candidate of Sciences, and researcher specializing in virology and immunology. He is the author of numerous scientific publications in the fields of infectious diseases and public health.

This achievement reflects the dynamic development of research activities at the university and highlights the high level of engagement and international competitiveness of its young researchers.

Жұбанов университетінің Баспасөз қызметі

GRADUATES 2026

Мен таңдаған мамандық – шекарасыз мүмкіндік

Студенттік жылдар мен үшін білім алып қана қоймай, өзімді жан-жақты дамытып, жаңа мүмкіндіктерге жол ашқан ерекше кезең болды. Осы уақыт ішінде алған тәжірибем мен кездескен адамдар менің болашақ өмірлік бағытыма үлкен әсер етті.

Студенттік өмірімдегі ең есте қалған сәттердің бірі – университет басшылығының ұсынысымен Мемлекет басшысымен кездесу мүмкіндігіне ие болғаным. Бұл мен үшін зор мәртебе әрі үлкен жауапкершілік болды. Осындай маңызды кездесуге қатысу өзіме деген сенімді арттырып, үлкен мақсаттарға ұмтылуға жігер берді.

Университет қабырғасында қоғамдық жұмыстарға белсенді қатыстым. Студенттік үкіметтің президенті ретінде көптеген жобалар мен іс-шараларды ұйымдастыруға атсалыстым. Бұл қызмет барысында көшбасшылық қабілетімді дамытып, ұйымдастырушылық тәжірибе жинақтадым және студенттердің мүддесін қорғауға өз үлесімді қостым. Осы қоғамдық қызмет пен жинаған тәжірибемді студенттік өмірімдегі ең үлкен жетістіктерімнің бірі деп есептеймін.

Алдағы уақытта білімімді жалғастырып, кәсіби тұрғыдан одан әрі дамуды жоспарлап отырмын. Кішкентай кезімнен жоғары оқу орнына мемлекеттік грантпен оқуға түсуді армандадым. Бүгінде сол арманым орындалды. Ендігі мақсатым – білім жолындағы ізденісімді тоқтатпай, жаңа белестерді бағындыру.



Менің мамандығым – «Шетел тілі: екі шетел тілі». Бұл мамандықтың қоғамдағы орны ерекше деп санаймын. Тіл – адамдарды, мәдениеттерді және елдерді байланыстыратын көпір. Шетел тілдерін меңгеру арқылы адамдар жаңа білімге қол жеткізіп, халықаралық деңгейдегі мүмкіндіктерді пайдалана алады. Сондықтан бүгінгі жаһандану

дәуірінде тіл мамандарының рөлі бұрынғыдан да маңызды.

Университетпен байланысты ең қымбат естеліктерім – студенттік достық, жаңа мүмкіндіктер және өзімді жан-жақты дамытуға мүмкіндік берген төрт жыл. Студенттік үкіметтегі қызметім, түрлі жобалар мен форумдарға қатысуым, университет атынан өткен маңызды кездесулердің бәрі менің өмірімде ерекше із қалдырды. Бұл жылдар мені тек кәсіби маман ретінде ғана емес, жауапкершілігі жоғары, көшбасшылық қасиеті қалыптасқан тұлға ретінде тәрбиеледі.

Осы орайда университет ұжымына бізге сапалы білім беріп, әр бастамамызға қолдау көрсеткендері және үлкен мүмкіндіктер ұсынғандары үшін шынайы алғысымды білдіремін. Осы төрт жыл ішінде ұстаздарымыз бізді жауапкершілікке, белсенділікке, көшбасшылыққа және өз күшімізге сенуге үйретті.

Студенттерге айтарым – университет ұсынатын әрбір мүмкіндікті тиімді пайдаланыңыздар. Белсенді болудан қорықпаңыздар, өз идеяларыңызды жүзеге асыруға талпыныңыздар. Армандарыңызға сеніңіздер, өйткені дәл осы студенттік шақта алған білім мен тәжірибе болашақтағы үлкен жетістіктердің берік негізін қалайды.

Ақбота Көптілеу,
шетел тілдері
факультетінің түлегі



Жаңа Ата Заң

Жаңа Конституция – жаңа дәуір

1 шілдеде еліміздің жаңа Конституциясы күшіне енді.

Жаңа Ата Заң елдің жаңа кезеңдегі даму бағытын айқындай отырып, білім, ғылым, инновация және адами капиталды мемлекеттің негізгі стратегиялық басымдықтарының бірі ретінде бекітті. Енді білім мен ғылым тек әлеуметтік саланың құрамдас бөлігі ғана емес, елдің орнықты дамуы мен ұлттық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін басты құндылықтардың біріне айналды. Бұл – озық ойлы ұлт қалыптастыру жолындағы тарихи бетбұрыс.

Бұл өзгеріс – жай ғана заңнамалық жаңару емес, қоғамға берілген маңызды құндылықтық бағдар. Өйткені білім мен ғылымның конституциялық деңгейде айқындалуы қоғамдық сананың жаңаруына, жастардың білімге, ғылымға және жасампаз отаншылдыққа ұмтылуына жаңа серпін береді. Сонымен қатар елдің инновациялық дамуына және зияткерлік әлеуетінің артуына берік негіз қалайды.

Білім мен ғылымның конституциялық мәртебесінің нығаюы – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан осы салаларды қолдау саясатының заңды жалғасы. Соңғы жылдары ғылымды қаржыландыру көлемі ұлғайып, ғалымдардың мемлекеттік шешімдер қабылдау үдерісіне қатысу мүмкіндігі кеңейді. Университеттер мен ғылыми-зерттеу институттарының халықаралық байланыстары нығайып, ғылыми қызметтің беделі мен тартымдылығы артта түсті. Әсіресе жас ғалымдарды қолдауға бағытталған нақты тетіктер қалыптастырылып келеді.

Осы конституциялық қағидаттардың нақты көрінісі ретінде 24 маусымда Мемлекет басшысы ғылым мәселелері бойынша заңнамалық актілерге өзгерістер енгізу туралы Заңға қол қойды. Бұл құжат ғылыми қызметтің құқықтық негіздерін күшейтіп, ғылымның сапалы дамуына жаңа мүмкіндіктер ашты.

Заң аясында алғаш рет ғалымдар мен ғылыми қызметкерлердің құқықтық мәртебесі жүйеленіп, академиялық еркіндік заң деңгейінде бекітілді. Ғылыми қы-



зметкерлердің әлеуметтік кепілдіктері кеңейтіліп, жас ғалымдарды қолдау тетіктері жетілдірілді. Сонымен қатар ғылым саласындағы құқықтарды қорғаудың жаңа институты енгізілді.

Бұл өзгерістер ғылыми зерттеулердің сапасын арттыруға, зерттеушілердің кәсіби әлеуетін толық ашуға және университеттердің ғылыми экожүйесін одан әрі дамытуға мүмкіндік береді. Әсіресе зерттеу университеттері үшін академиялық еркіндік, ғылыми адалдық және зерттеушілердің құқықтарының қорғалуы халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілеттіліктің негізгі алғышарттарының бірі саналады.

Бүгінде жоғары оқу орындарының басты міндеті – сапалы маман даярлау ғана емес, жаңа білім қалыптастыратын, ғылыми жаңалықтар ашатын және инновациялық шешімдер ұсынатын орталықтарға айналу. Сондықтан ғылымды дамытуға бағытталған әрбір заңнамалық бастама еліміздің ғылыми әлеуетін нығайтып, жоғары білім беру жүйесінің сапасын жаңа деңгейге көтеруге қызмет етеді.

Ғылымды стратегиялық басымдық деңгейіне көтеру – болашаққа салынған ең құнды инвестиция. Бұл – Қазақстанның зияткерлік әлеуетін нығайтып, жаһандық ғылыми кеңістіктегі бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған маңызды қадам.

1 шілде қарсаңында Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Ғалымқызы Балаева шығармашылық қауым өкілдерімен кездесуде жаңа Конституцияның ел дамуы үшін тарихи маңызы мен негізгі қағидаттарына тоқталып, Мемлекет басшысының атынан Конституцияның арнайы басылымын табыстады.

Барша білім беру саласының қызметкерлерін, ғалымдарды, зерттеушілерді және студент жастарды жаңа кезеңнің басталуымен құттықтаймын. Еліміздің ғылыми өркендеп, білімі биіктеп, Қазақстанның дамуына қызмет ете берсін!

Лаура Қарабасова,
Zhubanov University ректоры

Басты жаңалықтар

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ РӨЛІН КҮШЕЙТЕДІ

Ғылыми кеңестің кеңейтілген отырысында 1 шілдеден бастап күшіне енген жаңа Конституцияның құқықтық және қоғамдық-саяси маңызы кеңінен талқыланып, онда білім, ғылым, инновация және адами капиталдың мемлекеттің стратегиялық басымдықтары ретінде конституциялық деңгейде айқындалуы ел дамуының маңызды бағыты екені атап өтілді.

Университет ректоры Лаура Карабасова факультет декандарына жаңа Конституцияның арнайы басылымын салтанатты түрде табыстап, жоғары оқу орнының білім беру және ғылыми қызметінде конституциялық құндылықтарды басшылыққа алудың маңызын айтты. Сондай-ақ ғылыми қауымдастықтың құқықтық мәдениетті қалыптастыру, заң үстемдігін дәріптеу және мемлекеттік саясатты ғылыми тұрғыдан зерделеудегі рөліне ерекше тоқталды.

Жиын барысында физика кафедрасының профессоры, физика-математика ғылымдарының кандидаты Әмірбек Бекешевке 10200 – Физикалық ғылымдар ғылыми бағыты бойынша профессор ғылыми атағы дипломы табысталды.

Ғылыми кеңестің күн тәртібіне сәйкес Басқарма мүшелері университет қызметінің негізгі



стратегиялық бағыттары бойынша есеп берді. Академиялық және ғылыми қызметтің нәтижелері, халықаралық ынтымақтастық, жастар саясаты мен тәрбие жұмысының қорытындылары қаралып, университеттің ғылыми-инновациялық әлеуетін нығайтуға және стратегиялық даму көрсеткіштеріне қол жеткізуге бағытталған бірқатар шешім қабылданды.

НОВАЯ КОНСТИТУЦИЯ УСИЛИВАЕТ РОЛЬ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ

На расширенном заседании Ученого совета была обсуждена правовая и общественно-политическая значимость новой Конституции, вступившей в силу с 1 июля, где отмечено, что закрепление образования, науки, инновации и человеческого капитала в качестве стратегических приоритетов государства на конституционном уровне являются важнейшими направлениями развития страны.

Ректор университета Лаура Карабасова торжественно вручила деканам факультетов специальные издания новой Конституции и подчеркнула важность следования конституционным ценностям в образовательной и научной деятельности университета.

Также руководитель вуза особенно отметила роль научного сообщества в формировании правовой культуры, продвижении верховенства права и научном анализе государственной политики.

Главные новости

В ходе заседания профессору кафедры физики, кандидату физико-математических наук Амирбеку Бекешеву было присвоено звание профессора в научном направлении «10200 – Физические науки».

В соответствии с повесткой дня Ученого совета, члены Правления представили доклады об основных стратегических направлениях деятельности университета.

По итогам обсуждения был принят ряд решений, направленных на укрепление научно-инновационного потенциала университета и достижение показателей стратегического развития.

Жұбанов университетінің Баспасөз қызметі



GRADUATES 2026

Білікті ұстаз болу – басты мақсатым

Студенттік жылдар – білім мен тәжірибе жинақтап, болашақ маман ретінде қалыптасатын ең маңызды кезең. Мен үшін бұл уақыт тек кәсіби білім алумен ғана емес, өзімді жан-жақты дамытып, жаңа мүмкіндіктерді тиімді пайдаланумен есте қалды.

Менің ойымша, жетістікке жетудің басты кілті – нақты мақсат пен жоспардың болуы. Сонымен қатар көп ізденіп, уақытты тиімді пайдалану және үнемі өзінді дамытуға ұмтылу жақсы нәтижеге жеткізеді. Осы қағиданы ұстана отырып, студенттік жылдарымды барынша тиімді өткізуге тырыстым.

Студенттік өмірімде есте қалған сәттер өте көп. Соның ішінде академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде білім алуым мен үшін ерекше тәжірибе болды. Жаңа білім беру ортасы, жаңа таныстықтар мен кәсіби тәжірибе көкжиегімді кеңейтіп, өзіме деген сенімділігімді арттырды.

Сондай-ақ университетіміздің «Үйрен-бөліс» жобасы аясында Назарбаев Зияткерлік мектебінде педагогикалық практикадан өту мүмкіндігіне ие болдым. Бұл тәжірибе болашақ мұғалім ретінде кәсіби шеберлігімді шыңдауға, заманауи білім беру үдерісімен жақынырақ танысуыма үлкен ықпал етті.

Оқу барысында ғылыми жұмыстарға да белсенді араластым. 2024 жылы Ресей мемлекеттік кәсіби-педагогикалық университеті ұйымдастырған халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысып, өз тәжірибеммен бөлісуге мүмкіндік алдым. Сонымен қатар өзге қатысушылардың ғылыми ізденістерімен танысып, жаңа білім мен тәжірибе жинақтадым. Мұндай ғылыми орта әр студент-



тің кәсіби және тұлғалық дамуына үлкен серпін береді деп есептеймін.

Болашақтағы басты мақсатым – білікті математика мұғалімі атанып, өз саламада үздіксіз дамып, оқушыларға сапалы білім беру. Мұғалім мамандығының қоғамдағы орны ерекше. Себебі әр адамның өмір жолында бағыт-бағдар беріп, білімге деген қызығушылығын оятатын ұстаз болады. Ал математика пәні оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытып, өмірде кездесетін түрлі мәселелерді саралап, дұрыс шешім қабылдауға үйретеді. Сондықтан осы мамандықты таңдағанымды мақтан тұтамын.

Университетпен байланысты ең қымбат естеліктерім – группаластарыммен бірге өткізген күндер. Сабаққа бірге дайындалған сәттер, түнге дейін есеп шығарып, бір-бірімізге қолдау көрсеткен кездер, дәрістер мен студенттік өмірдің қызықты сәттері жадымда мәңгі сақталады. Осындай ортада алған білім мен достық мен үшін ерекше құндылық.


Осы орайда университет ұжымына сапалы білім беріп, жан-жақты қолдау көрсеткендері үшін шынайы алғысымды білдіремін. Ұстаздарымыздың еңбегі мен қамқорлығы біздің кәсіби қалыптасуымызға үлкен негіз болды.

Ал студенттерге айтарым – өз мүмкіндіктеріңізге сеніңіздер, әр күніңізді пайдалы өткізуге тырысыңыздар. Білім алудан ешқашан жалықпаңыздар, жаңа мүмкіндіктерден қорықпаңыздар және өз алдарыңызға әрдайым үлкен мақсаттар қойыңыздар. Еңбек пен табандылық кез келген арманға жетелейді.

Аяулым Оңталапова,
қызыл диплом иегері,
физика-математика факультетінің түлегі

GRADUATES 2026

Менің мамандығым – адамдарға жайлы орта қалыптастыру



Студенттік жылдар – адамның тек мамандық игеретін кезеңі ғана емес, тұлға ретінде қалыптасатын ерекше уақыт. Мен үшін бұл жылдар ізденіске, еңбекке, жаңа мүмкіндіктерге және үлкен жетістіктерге толы болды.

Меніңше, жоғары үлгерімнің басты құпиясы – жауапкершілік пен өз мақсатыңа деген адалдық. Мектеп кезінде жақсы баға алуды ғана мақсат ететінмін. Ал университетке түскеннен кейін ең маңыздысы диплом емес, сапалы білім екенін түсіндім. Сондықтан төрт жыл бойы алған білімді тәжірибемен ұштастыруды басты мақсат еттім. Теориялық білімді түрлі жобаларға қатысу арқылы шыңдап, университет ұсынған мүмкіндіктерді толық пайдалануға тырыстым. Уақытымды тиімді жоспарлап, әрдайым ізденісте болуым жоғары нәтижеге жетуге көмектесті.

Студенттік өмірімдегі ең ерекше сәттердің бірін бөліп айту қиын. Дегенмен бірінші курстың қазан айында өткен City Changing Ideas жобалар байқауынан кейін сол кездегі Жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы Данияр Базаркелді мен Нарқозы Есенгелдіұлының дамаған: «Жүргізуші болғың келмей ме?» деген ұсыныс айтып, «Жүргізушілер мектебіне» қабылдағаны есімде ерекше сақталды. Менің қоғамдық белсенділігім дәл сол кезден басталды. Сондай-ақ туған күнімде үлкен концерт жүргізіп, сахнаға шығар алдында университет ұжымының гүл шоғын сыйлап құттықтағаны мен үшін ең жылы әрі ұмытылмас естеліктердің бірі болды.

Университет қабырғасында ғылыми, қоғамдық және шығармашылық бағыттағы көптеген жобаларға қатыстым. Еріктілік қызметпен айналысып, студенттік өзін-өзі басқару ұйымында белсенді жұмыс істедім, түрлі мәдени іс-шараларды ұйымдастыруға атсалыстым және өзімнің ән клубымды құрдым. Университеттегі және қалалық деңгейдегі концерттерде жүргізуші болдым. Сонымен қатар мамандығым бойынша республикалық және өңірлік байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болдым.

Ерекше мақтан тұтатын жетістіктерімнің бірі – Almaty Garden Show ландшафтық жобалаушылар байқауында Алматының Орталық мәдениет және демалыс саябағында командамызбен бірге шағын бақ жобасын ұсынып, I орынға ие болуымыз. Сондай-ақ Ақтөбе қаласы әкімдігі ұйымдастырған «Жаңа идея – жасыл қала» байқауында жеңіске жетіп, 500 мың теңге көлеміндегі қаржылай сыйақы иелендік. Бұл жеңістер біз үшін кәсіби дамуымыздың маңызды көрсеткіші болды. Жақында өзім көптен мақсат еткен «Үздік студент» төсбелгісінің иегері атануым да студенттік өмірімдегі ең үлкен жетістіктердің бірі болды.

Болашақта ландшафттық сәулет және қала кеңістіктерін дамыту саласында еңбек еткім келеді. Қазіргі қалаларға экологиялық тұрғыдан тұрақты әрі адамдарға жайлы қоғамдық кеңістіктер аса қажет деп есептеймін.

Мен осы бағытта кәсіби маман ретінде қалыптасып, қалалардың көркеюіне өз үлесімді қосуды мақсат етемін. Сонымен қатар ғылыми ізденістерімді жалғастырып, магистратурада білім алуды жоспарлап жүрмін.

Менің мамандығым адамдардың өмір сүру сапасын арттырумен тікелей байланысты. Саябақтар мен қоғамдық кеңістіктер демалыс орны ғана емес, олар қаланың экологиялық тепе-теңдігін сақтап, халықтың денсаулығын нығайтуға және әлеуметтік белсенділікті арттыруға ықпал етеді. Сондықтан бұл мамандықтың маңызын көбірек адамның түсінгенін қалаймын. Жасыл кеңістіктер тек саябақтарда ғана емес, әрбір тұрғын үй ауласында да көбейсе, қалаларымыз әлдеқайда жайлы әрі көрікті болар еді.

Университетпен байланысты ең қымбат естеліктерім – осы жерде танысқан ұстаздарым, достарым және бірге еңбек еткен жандар. Шараларға таңнан көшке дейін дайындалған күндер, сахнадағы толқу, сессия алдындағы тынымсыз еңбек, оқытушылардың ақыл-кеңесі мен сыны – бәрі менің өмірлік тәжірибеме айналды.



Осындай орта менің тұлға ретінде қалыптасуыма үлкен ықпал етті.

Осы орайда Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің басшылығына, Тарих және география факультетінің ұжымына, кафедра оқытушыларына және студенттердің жан-жақты дамуына қолдау көрсетіп жүрген барлық қызметкерлерге шынайы алғысымды білдіремін. Сіздердің қолдауларыңыздың арқасында біз тек сапалы білім алып қана қоймай, өз қабілетімізді шыңдап, қоғамдық өмірге белсенді араласуға мүмкіндік алдық.

Студенттерге айтарым – университет қабырғасындағы әр күнді бағалаңыздар. Білім алудан бөлек, өздеріңізді жан-жақты дамытып, барлық мүмкіндікті тиімді пайдаланыңыздар. Себебі студенттік шақ – мамандық игерумен қатар, болашаққа берік негіз қалайтын ерекше кезең. Армандарыңыз асқақ, мақсаттарыңыз айқын болып, әрдайым алға ұмтылыңыздар!

Назым Зинедина,
қызыл диплом иегері,
тарих және география факультетінің түлегі

Басты жаңалықтар

Главные новости



THE IMPACT RANKINGS 2026: УНИВЕРСИТЕТТІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДЕҢГЕЙ- ДЕГІ НӘТИЖЕЛЕРІ АРТТЫ

THE Impact Rankings халықаралық рейтингінің 2026 жылғы қорытындысы бойынша университет 1001-1500 орындар тобына еніп, жалпы көрсеткіші өткен жылдармен салыстырғанда 500 позицияға жоғарылады.

2026 жылы университет ұсынған Тұрақты даму мақсаттарының саны 9 бағытқа артты. Ең жоғары нәтижелер «Сапалы білім беру» бағыты бойынша тіркеліп, университет 1335 жоғары оқу орнының ішінде 801-1000 орын аралығынан көрінді. «Лайықты еңбек және экономикалық өсу» бағыты бойынша 1003 университеттің арасында 301-400 орынға көтерілді. «Тұрақты даму мақсаттары жолындағы әріптестік» көрсеткіші бойынша 1610 университеттің ішінде 1001-1500 орын аралығына орналасты.

Сонымен қатар, өзге де Тұрақты даму мақсаттары бойынша оң серпін байқалады. «Кедейлікті жою» бағыты бойынша университет 931 жоғары оқу орнының ішінде 801+ орынға, «Жақсы денсаулық және әл-ауқат» бағыты бойынша 1254 университеттің арасында 1001+ орынға ие болды. «Гендерлік теңдік» саласында 1095 университеттің ішінде 801-1000 орын аралығына енді. «Өнеркәсіп, инновациялар және инфрақұрылым» бағыты бойынша 826 жоғары

оқу орнының арасында 601-800 орынға, «Теңсіздікті азайту» көрсеткіші бойынша 932 университеттің ішінде 801+ орынға ие болды. Ал «Бейбітшілік, әділеттілік және тиімді институттар» бағыты бойынша 914 университеттің арасында 601-800 орын аралығынан көрінді.

Бұл нәтижелер университеттің білім беру, ғылыми-зерттеу, әлеуметтік жауапкершілік және халықаралық ынтымақтастық салаларындағы қызметінің тиімділігін және оның жаһандық академиялық кеңістіктегі бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді.

THE IMPACT RANKINGS 2026: МЕЖДУНАРОДНЫЕ ПОКАЗАТЕЛИ УНИВЕР- СИТЕТА УЛУЧШИЛИСЬ

Согласно итогам международного рейтинга THE Impact Rankings 2026 года, университет вошел в группу 1001–1500 мест, поднявшись на 500 позиций по сравнению с предыдущими годами.

В 2026 году количество Целей устойчивого развития (ЦУР), представленных университетом, увеличилось до 9 направлений. Самые высокие результаты зафиксированы по направлению «Качественное образование», где университет занял 801–1000 место среди 1335 вузов. По направлению «Достойная работа и экономический рост» вуз поднялся на 301–400 место среди

1003 университетов. По показателю «Партнерство в интересах устойчивого развития» университет расположился в диапазоне 1001–1500 мест среди 1610 университетов.

Кроме того, положительная динамика наблюдается и по другим Целям устойчивого развития. В направлении «Ликвидация нищеты» университет занял позицию 801+ среди 931 вуза, а в направлении «Хорошее здоровье и благополучие» — 1001+ место среди 1254 университетов. В сфере «Гендерного равенства» вуз вошел в диапазон 801–1000 мест среди 1095 университетов. По направлению «Индустрия, инновации и инфраструктура» университет занял 601–800 место среди 826 вузов, а по показателю «Сокращение неравенства» — 801+ место среди 932 университетов. В направлении «Мир, правосудие и эффективные институты» вуз занял 601–800 место среди 914 университетов.

Данные результаты демонстрируют эффективность деятельности университета в сферах образования, научно-исследовательской работы, социальной ответственности и международного сотрудничества, а также его конкурентоспособность в глобальном академическом пространстве.

**Жұбанов университетінің
Баспасөз қызметі**

Басты жаңалықтар

Main news

Главные новости

ЖЫЛ ҮЗДІКТЕРІ
МАРАПАТТАЛДЫНАГРАЖДЕННЫ
СОТРУДНИКИ ГОДА

Университеттің тұрақты даму жолында стратегиялық мақсаттар мен негізгі көрсеткіштердің тиімді жүзеге асуына елеулі үлес қосқан қызметкерлерге құрмет көрсетілді.

Ректор Лаура Қарабасова құттықтау сөзінде университеттің тұрақты дамуы мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудегі адами капиталдың шешуші рөлін атап өтті. Сондай-ақ академиялық қауымдастықтағы ұжымдық мәдениет пен ортақ құндылықтардың білім беру ұйымының сапалы дамуына тікелей әсер ететінін жеткізді.

Марапат иелері оқу орнының стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыруға белсенді атсалысып, білім беру қызметінің сапасын жетілдіру, ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметтің нәтижелілігін арттыру, тәрбие және әлеуметтік жұмыстарды жүйелі ұйымдастыру, академиялық адалдық қағидаттарын нығайту, сондай-ақ қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру бағытында жоғары кәсібилік танытып келеді.

Бұл бастама кәсіби еңбектің, жоғары жауапкершілік пен ортақ мақсатқа деген адалдықтың көрінісі.



Данная инициатива является отражением профессиональной работы, высокой ответственности и приверженности общей цели.

EMPLOYEES OF THE
YEAR HONORED

At the ceremony, employees who made a significant contribution to the effective implementation of the university's strategic goals and key sustainable development indicators were recognized.

In her congratulatory address, Rector Laura Karabassova emphasized the crucial role of human capital in ensuring the university's sustainable development and competitiveness. She also noted that a strong organizational culture and shared values within the academic community directly contribute to the institution's high-quality development.



The award recipients actively contribute to the implementation of the university's strategic goals and demonstrate high professionalism in improving the quality of educational services, enhancing research and innovation activities, systematically organizing educational and social initiatives, strengthening the principles of academic integrity, and creating a safe and comfortable learning environment.

This initiative reflects the recipients' professionalism, strong sense of responsibility, and commitment to shared goals.

Жұбанов университетінің
Баспасөз қызметі

GRADUATES 2026

Әр мүмкіндік – жаңа белес

Мен үшін студенттік жылдар тек білім алумен ғана емес, жаңа мүмкіндіктерді пайдаланып, өзімді жан-жақты дамытқан ерекше кезең болды. Менің ойымша, жоғары үлгерімді сақтаудың басты кілті – тәртіп пен жауапкершілік. Кейде тапсырманы орындауға құлшыныс болмайтын сәттер кездеседі. Бірақ дәл сондай кезде өзінді ынталандырып, бастаған істі соңына дейін жеткізу және саған артылған сенімге лайық болу – әр студент үшін маңызды қасиет.

Студенттік өмірімдегі ең жарқын естеліктердің бірі – университеттің сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы арқылы Литва Республикасының Каунас Университетінде бір семестр білім алуым. Бұл бағдарлама маған тек кәсіби білімді жетілдіруге ғана емес, жаңа мәдениетпен танысып, өмірге деген көзқарасымды кеңейтуге үлкен мүмкіндік сыйлады.

Литвада бес ай бойы ағылшын тілінде білім алып, Еуропалық білім беру жүйесінің ерекшеліктерімен таныстым. Әлемнің түкпір-түкпірінен келген студенттермен достасып, олардың мәдениеті мен өмір салтын жақыннан таныдым. Сонымен қатар осы уақыт ішінде Еуропаның 11 еліне саяхаттау бақыты бұйырды. Бала кезден армандаған Париждегі Эйфель мұнарасын өз көзіммен көруім студенттік өмірімнің ең әсерлі сәттерінің бірі болды.

Мен үшін академиялық ұтқырлық бағдарламасының ең үлкен артықшылығы – адамның тек



білімін ғана емес, дүниетанымын да кеңейтетінінде. Бұл тәжірибе маған өз мүмкіндіктеріме сенуді, жаңа ортаға тез бейімделуді және әлемге кеңірек көзқараспен қарауды үйретті.

Студенттік жылдарымдағы тағы бір маңызды тәжірибе – ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында Алматы қаласындағы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде бір семестр білім алуым. Бұл кезеңде де жаңа ортаға бейімделіп, тәжірибе жинадым. Сол жерде танысқан достарым, топтастарым, ұстаздарым мен факультет қызметкерлерінің жылы қарым-қатынасы жадыма мәңгі сақталады. Өйткені қай ортада болмасын, сол жерді ерекше ететін – адамдар.

Алдағы мақсатым – магистр дәрежесін алып, психология саласының дамуына өз үлесімді қосу. Қазіргі цифрлық қоғамда адамдардың, әсіресе балалар мен жастардың психологиялық саулығына деген сұраныс ар-

тып келеді. Болашақта психологиялық қолдау көрсетуге арналған мобильді қосымша әзірлеп, адамдардың өз эмоциясын түсінуіне және психологиялық көмекке қолжетімділігін арттыруға үлес қосуды армандаймын.

Бүгінде өткен төрт жылға көз жүгіртсем, университет маған сапалы білім ғана емес, өмірлік тәжірибе, сенімді достар және жаңа мүмкіндіктер сыйлағанын мақтанышпен айта аламын. Осы жолда қолдау көрсеткен университет басшылығына, оқытушыларға және факультет ұжымына шынайы алғысымды білдіремін.

Ал студенттерге айтарым – бағыт болыңыздар. Алдарыңыздан шыққан әр мүмкіндікті тиімді пайдаланып, өз армандарыңызға сеніммен қадам басыңыздар. Кейде бір ғана мүмкіндік өміріңізді түбегейлі өзгертуі мүмкін.

Дарынгер Ардақов,
қызыл диплом иегері,
педагогика және білім
берудегі менеджмент фа-
культетінің түлегі

GRADUATES 2026

Студенттік жылдарым – өмірімнің ең жарқын кезеңі



сып, өзімді жан-жақты дамытуға тырыстым.

Дизайн мамандығында оқудың ең қызықты тұстарының бірі – сән көрсетілімдері мен шығармашылық жобалар болды. Біз өз қолымызбен әзірлеп, тігіп шыққан киім үлгілерін сахнада таныстырып, шетелдік қонақтардың алдында сән көрсетілімдерін өткіздік. Осындай тәжірибелер кәсіби шеберлігімді шыңдап, шығармашылық көзқарасымды кеңейтті. Студенттердің еңбегімен жасалған киімдердің халықаралық деңгейде таныстырылып, басқа елдерге жол тартуы біз үшін үлкен мақтаныш болды.

2022 жылы екінші курста оқып жүргенімде «Мисс Ақтө-



мен беріп, ұлттық құндылықтарды заманауи сәнмен үйлестіруге тырыстым. Еңбегімнің нәтижесінде дипломдық жобамды өте сәтті қорғадым. Бұл мен үшін бірнеше айлық еңбектің жемісі болды.

Осы орайда университеттегі ұстаздарыма шынайы алғысымды білдіремін. Олар маған тек кәсіби білім беріп қана қоймай, шығармашылық тұрғыдан дамуыма, жаңа белестерді бағындыруыма әрдайым қолдау көрсетті. Бүгінгі жетістіктерімде олардың еңбегі мен сенімінің үлесі зор.

Бүгінде студенттік жылдарыма көз жүгірткен сайын, бұл кезеңнің өмірімдегі ең жарқын әрі ең құнды уақыттардың бірі болғанын ерекше сезінемін. Университет қабырғасында алған білімім мен тәжірибем, шығармашылық жобаларым мен жетістіктерім болашақ кәсіби жолыма берік негіз қалады. Мен үшін студенттік шақ – тек білім алған кезең ғана емес, арманға қанат бітіріп, өз мүмкіндіктерімді таныған ерекше өмір мектебі.

**Орынгүл Едіге,
қызыл диплом иегері,
кәсіби-шығармашылық
факультетінің түлегі**



бе – 2022» байқауына қатысып, жеңімпаз атандым. Бұл жетістігіме университетімнің көрсеткен қолдауы мен сенімі үлкен ықпал етті. Кейін республикалық «Мисс Қазақстан» байқауына қатысып, Ақтөбе өңірінің намысын қорғадым. Бұл байқау мен үшін үлкен өмірлік тәжірибе сыйлап, жаңа мүмкіндіктерге жол ашты.

Студенттік өмірімдегі ең маңызды жетістіктерімнің бірі – дипломдық жобамды сәтті қорғауым. Дипломдық жұмысым аясында қазақы нақыштағы ұзату көйлегін әзірледім. Бұл туынды толықтай қолмен кестеленіп, оны дайындауға төрт ай уақытым кетті. Әрбір ою-өрнегі мен бөлшегіне ерекше

«Жұбанов үздігі – 2026» салтанатты шарасында Басқарма Төрағасы-Ректор Лаура Қарабасованың сөйлеген сөзінен

ӘР ЖЕТІСТІКТІҢ АРТЫНДА - АДАМ ТҰР

Бүгінгі сөзімді әдеттегідей оқу жылының жетістіктерінен, есеп пен статистикадан бастағым келмейді. Оның орнына баршаңызға бір сәт ойлануға мүмкіндік беретін сұрақ қойғым келеді.

Сіз не үшін Жұбанов университетінде қызмет етесіз?

Арамызда бұл университетте бір жыл еңбек етіп жүргендер де, бес, он, жиырма жылын арнаған әріптестеріміз де бар. Осы уақыт ішінде өзіңізге осы сұрақты қойып көрдіңіз бе?

Біреуіңіз: «Бұл – менің мамандығым, сүйікті кәсібім», – дегісіз. Енді біреуіңіз тұрақтылықты, мемлекеттік жоғары оқу орнындағы сенімді жұмысты атарсыз. Тағы біріңіз Ақтөбедегі жетекші университеттердің бірінде еңбек ету мүмкіндігін бағалайтын шығарсыз.



Алайда осы сұраққа тереңірек үңілсек, бәріміздің жауабымыз бір арнаға тоғысатын сияқты.

Ол – адамдар.

Бізді осы университетте ұстап тұрған ең үлкен құндылық – жанымыздағы адамдар. Бізбен бірге еңбек етіп жүрген, жетістігімізге шын қуана білетін, қиындықта қолдау көрсететін, ортақ мақсат жолында бірлесіп еңбек ететін әріптестеріміз.

Жұбанов университетінің әрбір жетістігінің, әрбір табысының артында нақты бір адамның еңбегі тұр. Бірақ сол адамдардың барлығы бірдей университеттің әлеуметтік желілерінен көріне бермейді, сахнаға шыға бермейді, газетке сұхбат та бермеуі мүмкін. Олар күн сайын өз еңбегінің бағалануын күтпейді. Соған қарамастан өз міндетін адал атқа-



рып, университеттің дамуына үнсіз үлес қосып келеді.

Бүгінгі кештің идеясы да дәл осы ойдан туындады.

Осыдан он шақты күн бұрын Шотландиядағы серіктесіміз – Heriot-Watt университетінде болдым. Онда университеттің дамуына үлес қосқан қызметкерлерді ұлықтауға арналған «Біздің адамдар» атты жоба жүзеге асырылады. Сол идея маған ерекше әсер қалдырды.

Біз де университетіміздің дамуына үлес қосып жүрген жандардың есімдерін көпшілікке танытқымыз келді. Өйткені сіздердің күнделікті еңбектеріңіз – баға жетпес құндылық.

Жұбанов университетінің болашағы жарқын. Алдымызда әлі талай биік белестер мен үлкен жетістіктер күтіп тұр. Сол жетістіктердің әрқайсысында сіздердің еңбектеріңіз, қолтаңбаларыңыз және есімдеріңіз болатынына сенімдімін.



GRADUATES 2026

Студенттік жылдар маған үлкен

Жаратылыстану факультетінің биылғы түлегі, қызыл диплом иегері Жансая Кенжебаевамен сұқбат.



Қызыл диплом иегері атауыңызбен құттықтаймын! Оқу барысында жоғары үлгерімді сақтаудың басты құпиясы неде деп ойлайсыз?

Рақмет! Мен үшін қызыл диплом – жай ғана жоғары баға емес, мақсатқа деген адалдықтың, табандылықтың және үздіксіз еңбектің нәтижесі. Университетке алғаш келген күннен бастап өзіме үлкен мақсаттар қойдым және сол мақсаттарға жету үшін жүйелі түрде жұмыс істеуге тырыстым.

Жоғары үлгерімді сақтаудың басты құпиясы – өз ісінді жақсы көру деп ойлаймын. Мен химия мамандығын саналы түрде таңдадым, сондықтан әр пәннен тек баға алу үшін емес, шынайы білім алу үшін оқуға тырыстым. Сонымен қатар уақытты тиімді жоспарлау, жауапкершілікті сезіну және өзіңе талап қоя білу де маңызды рөл атқарды.

Әрине, студенттік өмір тек сабақ оқудан тұрмайды. Мен қоғамдық жұмыстарға да белсенді қатыстым, түрлі жобалар мен іс-шараларға араластым. Бірақ осының бәрін оқуыммен үйлестіре білуге тырыстым. Меніңше, нағыз студент тек жақсы оқып қана қоймай, өзін жан-жақты дамыта білуі керек.


Студенттік өміріңіздегі ең есте қалған сәт қандай?

Студенттік өмірімді бір ғана сәтпен сипаттау қиын. Себебі университет қабырғасындағы әр кезең мен үшін ерекше естеліктерге толы болды.

Алғаш университет табалдырығын аттаған күнім, жаңа орта, жаңа достар, жаңа мүмкіндіктер – бәрі де әлі күнге дейін есімде. Уақыт өте келе университет мен үшін тек білім алатын орын емес, өзімді таныған, қабілеттерімді ашқан үлкен өмір мектебіне айналды.

Ең бастысы, осы жылдар ішінде көптеген жақсы адамдармен танысып, сенімді достар таптым. Ғылыми конференцияларға қатысу, форумдарда университет атынан сөз сөйлеу, түрлі жобаларды жүзеге асыру, студенттік ұйымдарда қызмет атқару – мұның бәрі менің студенттік өмірімді ерекше әрі мағыналы етті.

Студенттік жылдар маған өз мүмкіндіктерімді шектемеуді, үлкен армандардан қорықпауды және кез келген тәжірибеден сабақ алуды үйретті.



Ғылыми, қоғамдық немесе шығармашылық жобаларға қатыстыңыз ба? Қайсысын ерекше мақтан тұтасыз?

Иә, университет қабырғасында жүрген уақытта ғылыми және қоғамдық бағыттағы көптеген жобаларға қатысу мүмкіндігіне ие болдым.

Ғылыми бағытта халықаралық ғылыми конференцияларда

баяндама жасап, ғылыми мақалаларымды халықаралық журналдарда жарияладым. «Фараби әлемі», «Жастар, ғылым және инновация», «Science and Education: Modern Time» сияқты ғылыми алаңдарда өз зерттеулерімді таныстырып, I және II дәрежелі дипломдардың иегері атандым. Сонымен қатар «Химик-зерттеуші» номинациясымен марапатталдым.

Қоғамдық қызметте де белсенді болдым. Әртүрлі кезеңдерде жаратылыстану факультетінің сенаторы және баспасөз хатшысы, білім және ғылым фракциясының жетекшісі қызметтерін атқардым.

Ал ерекше мақтан тұтатын жетістіктерімнің бірі – Жұбанов университетінің «Үздік студент» төсбелгісінің иегері атауым. Бұл марапат мен үшін оқу, ғылым және қоғамдық қызметтегі еңбегімнің жоғары бағалануы болды.

Болашақ кәсіби жоспарыңыз қандай?

Болашақта өз мамандығым бойынша кәсіби тұрғыда дамып, химия ғылымының дамуына үлес қосуды мақсат етемін.

Мен үшін химия – тек оқу бағдарламасы немесе дипломдағы мамандық атауы емес. Бұл – бала кезден қызығушылық танытып, жүрек қалауымен таңдаған өмірлік жолым. Сондықтан алдағы уақытта ғылыми-зерттеу жұмыстарын жалғастырып, кәсіби білімімді жетілдіріп, тәжірибе жинақтағым келеді.

Болашақта өз саласының білікті маманы болып қана қоймай, ғылым мен білімнің дамуына үлес қосатын, жас ұрпаққа үлгі бола алатын маман атанғым келеді.

Өз мамандығыңыздың қоғамдағы рөлін қалай бағалайсыз?

Химия – қоғам дамуының негізгі тіректерінің бірі деп есептеймін. Біз күнделікті қолданатын дәрі-дәрмек, азық-түлік, косметика, тұрмыстық өнімдер, жаңа технологиялар – барлығы химия ғылымымен тығыз байланысты.

армандардан қорықпауды үйретті

Бұл мамандықтың қоғамдағы рөлін терең түсінуге ғылыми жобаларым мен зертханалық жұмыстарым үлкен ықпал етті. Дәрілік өсімдіктердің химиялық құрамын зерттеу, экологиялық жобаларды жүзеге асыру, түрлі өнімдерді әзірлеу барысында химияның адам өміріне қаншалықты әсер ететінін анық сезіндім.

Сондықтан химик маманы тек зертханада жұмыс істейтін адам емес, қоғамның дамуына, адамдардың өмір сапасының жақсаруына үлес қосатын маман деп есептеймін.

Университетпен байланысты қандай естеліктерді әрдайым жүрегіңізде сақтайсыз?

Университетпен байланысты естеліктер өте көп. Әсіресе факультетіміздің FE_FEST шарасы, бірінші курс студенттерін қабылдау кештері, студенттік ұйымдар аясында ұйымдастырылған түрлі жобалар мен іс-шаралар мен үшін ерекше ыстық.



Студенттік сенаттағы командалармен бірге өткізген әрбір шараның орны бөлек. Себебі олардың әрқайсысының артында үлкен еңбек, дайындық, бірлік пен достық жатыр. Осындай сәттер студенттік өмірдің ең жарқын беттеріне айналды.

Сондай-ақ осы ретте менің университеттегі белсенді жо-



лымның бастауында тұрған адамға ерекше алғысымды білдіргім келеді. Ол – Данагүл Қожағалиқызы. Университетке алғаш келген күннен бастап мені студенттік өмірге тартып, түрлі мүмкіндіктерді көрсетіп, өзімді жан-жақты дамытуға жол ашқан жан. Оның сенімі мен қолдауының арқасында көптеген жобаларға қатысып, өзімді жаңа қырымнан таныдым. Сондықтан университетпен байланысты ең жылы естеліктерімнің арасында Данагүл Қожағалиқызының қолдауы әрдайым ерекше орын алады.

Бітіруші түлек ретінде университет ұжымына және студенттерге қандай тілегіңізді айтасыз?

Ең алдымен, университет басшылығына, профессор-оқытушылар құрамына және барлық қызметкерлерге шынайы алғысымды білдіремін. Жұбанов университеті маған сапалы білім ғана емес, өзімді дамытуға, көшбасшылық қабілеттерімді шыңдауға, ғылыммен айналысуға және үлкен мүмкіндіктерге жол ашты.

Ерекше алғысымды жаратылыстану факультетінің профессор-оқытушылар құрамына білдіремін. Осы жылдар ішінде бізге сапалы білім беріп, ғылым жолында бағыт-бағдар көрсетіп, әрдайым қолдау білдірген ұстаздарымның еңбегі орасан зор.

Атап айтқанда, С.Д.Дузелбаева, Б.С.Иманғалиева, Г.Л. Есназарова, С.М.Көгісов, Г.С.Алтаева, Б.Б.Досанова, Қ.К.Альмуратова, Е.Б.Досмурзина, Ж.Т.Алманов, Г.Т.Туремуратова, Ұ.Ә.Қаратаева, Т.Н. Нұрдаулетова, И.С.Төлесінова, Ж.Е.Ембергенова, Э.Б.Молдашева, Д.А.Қожабай, Қ.Б.Маратова, М.Қ.Мырзағалиев, А.Муратқали, Г.Жақсығалиқызы, Г.А.Рахметова, А.Е. Тренова, Г.Қ.Бекедова, С.Асхатқызы ұстаздарыма шынайы ризашылығымды білдіремін.

Студенттерге айтарым – университет ұсынған әр мүмкіндікті пайдаланыңыздар. Тек сабақпен шектелмей, ғылымға, қоғамдық жұмыстарға, шығармашылық жобаларға қатысыңыздар. Себебі университет жылдары адамның тұлға болып қалыптасуына үлкен әсер етеді.

Өздеріңізге сеніңіздер, қателесуден қорықпаңыздар, жаңа бастамалардан қашпаңыздар. Себебі үлкен жетістіктер көбіне батыл қадам жасаудан басталады. Университет қабырғасында алған білім мен тәжірибе сіздердің болашақтарыңыздың берік іргетасына айналсын.



Сұқбатыңыз үшін рақмет! Сәттілік тілейміз!

Сұқбаттасқан: Жадыра АРЕН